

## Мемлекеттік қызмет паспорты

**«Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау».**

<b>1</b>	<b>Көрсетілетін қызметті беруші</b>	Білім басқармасы (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет беруші)
<b>2</b>	<b>Көрсетілетін қызметті тұтынушылар</b>	Заңды тұлғалар
<b>3</b>	<b>Көрсетілетін қызметтің нысаны</b>	Қағаз түрінде.
<b>4</b>	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну орны</b>	- «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» комерциялық емес АҚ БҚОФ «ХҚКО» департаменті
<b>5</b>	<b>Жұмыс кестесі</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көрсетілетін қызмет берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.</li> <li>2. Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес және белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</li> </ol>
<b>6</b>	<b>Қажетті құжаттар</b>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 7тамыздағы №397 бұйрығымен бекітілген «Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9 тармағында қарастырылған құжаттарды ұсыну.
<b>7</b>	<b>Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі</b>	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
<b>8</b>	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап: көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға – күнтізбелік 15 (он бес) күн (қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады; азаматтық хал актісі жасбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш –</li> </ol>

		<p>күнтізбелік 15 (он бес) күн (қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны 3 (үш) күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;</p> <p>2. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттардың топтамасын тапсыру үшін рұқсат берілетін ең ұзақ күту уақыты.: Мемлекеттік корпорацияға – 15 (он бес) минут;</p> <p>3. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты: Мемлекеттік корпорацияға – 15 (он бес) минут.</p>
<b>9</b>	<b>Көрсетілетін қызметтің нәтижесі</b>	Білім беру ұйымдарындағы техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттар қабылдау туралы хабарлама еркін нысан бойынша немесе Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
<b>10</b>	<b>Нормативтік-құқықтық актілер</b>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» 2017 жылғы 7 тамыздағы №397 бұйрығы.
<b>11</b>	<b>Қосымша ақпарат алуға болады</b>	Білім басқармасының интернет-ресурсында <a href="http://www.edubko.gov.kz">www.edubko.gov.kz</a> сайтының «Мемлекеттік қызмет» бөлімінде немесе Телефон: 8 (7112) 26-04-71.

Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі стандарттың 3 – бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.